

**«Бекітемін
қлдәурен»» МКҚК
Үменң еруші м.у.а
.Мырзабек**

2024-2025 оқу жылындағы төтенше жағдайлар бойынша шаралар өткізу жоспарпы

№	Жұмыс түрлері. Мазмұны	Уақыты	Жауаптылар
1	Инструктаж. ТЖ туралы ереже. ТЖ мүшелерінің міндеттері. Қызметкерлерге «Өрт шыққан кезде ескерер 10 ереже»	Қыркүйек	Меңгеруші Әдіскер Шаруашылық меңгерушісі
2	Стендті жаңарту. ТЖ жағдайында эвакуациялық график-жоспарды жаңарту.	Қазан	Шаруашылық меңгерушісі Әдіскер
3	«Өрт қауіпсіздігі балабақшада» (Балалармен өрт қауіпсіздігі кезіндегі эвакуациялық жаттығуларды ұйымдастыру)	Желтоқсан	Шаруашылық меңгерушісі Тәрбиешілер Әдіскер
4	«Өрт – қауіпсіздік қағидаларын білеміз бе?» (Қызметкерлерге арналған жаднама)	Қаңтар	Шаруашылық меңгерушісі Тәрбиешілер Әдіскер
5	«Өрт қауіпсіздігі бәріміз үшін өте маңызды» (Ата-аналарға арналған кеңес)	Мамыр	Шаруашылық меңгерушісі Тәрбиешілер Әдіскер

«Балдәурен» МДҰ

«Өрт – қауіпсіздігі балабақшада»

(Балалармен өрт қауіпсіздігі кезіндегі эвакуациялық
жаттығуларды ұйымдастыру)

Өткізген: Сағынбаева М.Қ
Аубакирова Р.М

2024-2025 оқу жылы

Балабақшада өрт қауіпсіздігі кезіндегі балалардың эвакуациялық жаттығуды ұйымдастыру

Мақсаты:

- Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету.
- Өрт қауіпсіздігі ережелерімен таныстыру.
- Қиын жағдайда дұрыс бағыт алып, тәртіп сақтап эвакуация жасауды үйрету.
- Тәрбиешілер мен қызметкерлердің үйлесімді әрекетін қалыптастыру.

?

Жаттығуды ұйымдастыру кезеңдері:

1. Дайындық кезеңі:

- Балаларға өрт қауіпсіздігі туралы қысқаша түсіндіру (өрттің қауіптілігі, сигналды естігенде не істеу керектігі).
- Балабақша ғимаратының эвакуация жоспарын көрсету (шығу жолдары, баспалдақ, жиналу алаңы).
- Әр топқа жауапты тәрбиешілерді, көмекшілерді, медбикені, күзетшіні алдын ала бекіту.

2. Жаттығуды өткізу:

- Дабыл (қоңырау немесе сигнал) беріледі.
- Тәрбиешілер балаларды бір-бірін итермей, тыныштықпен қатарға тұрғызып, белгіленген шығу есігіне бағыттайды.
- Балалар қол ұстасып немесе жұптасып эвакуацияланады.
- Әр топ өзіне белгіленген эвакуация жолымен қауіпсіз аймаққа шығады.
- Балабақша ауласында немесе жиналу нүктесінде барлық топ түгел саналады.


3. Қорытындылау:

- Балаларға өздерін тәртіпті ұстағандары үшін алғыс айту.
- Қай жерде қателік жіберілгенін талдау (уақыт, тәртіп, жылдамдық).
- Қайта жаттығу кезінде сол қателіктерді болдырмауды түсіндіру.

?

Ұйымдастыруға қойылатын талаптар:

- Эвакуация уақыты нақты тіркелуі тиіс (орташа 3–5 минут).
- Балаларға үрей туғызбай, ойын түрінде үйрету ұсынылады («өрт дабылы ойыны»).
- Әр ай сайын немесе тоқсан сайын қайталанып өткізілуі керек.
- Төтенше жағдайларда жедел жәрдем, өрт сөндіру қызметінің нөмірлерін балалар жатқа білуге тиіс (101, 112).



«Балдәурен» МДҰ

***«Өрт – қауіпсіздік
қағидаларын білеміз бе?»***
(Қызметкерлерге арналған жаднама)


Өткізген: Сағынбаева М.Қ
Аубакирова Р.М

2024-2025 оқу жылы



ӨРТ КЕЗІНДЕ НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?

- Өртті сумен өшіру тиімсіз. Ең дұрысы, өрт сөндіргішті пайдалану, ал ол жоқ болған жағдайда:
 - ✓ Сүлгімен, көрпемен
 - ✓ Құммен өшіру керек
- Егер өрт бір бөлмеде басталса, онда басқа бөлмелерге және саты алаңына тарап кетпеуі үшін есігін мықтап жауып қою керек.
- Өртті өшіруге шамаңыз кемегендігін байқасаңыздар, ол жерден тезірек кетіңіздер.
- Өрт кезінде лифтіні пайдалануға тыйым салынады, өйткені оны кез-келген уақытта тоқтатып қояды.
- Егер өрт пәтерде шықса, ең қауіпсіз орын-балкон немесе терезенің алды. Балконның терезесін сақтықпен ашыңыз, кіріп келген таза ауадан жалын күшейіп кетуі мүмкін.
- Өз бетіңізше шығу мүмкін болмаған жағдайда, көмек келгенге дейін сумен ылған ғандырылған қол орамалымен немесе киім жеңімен мұрындарыңызды және ауыздарыңызды жабыңыздар.
- Өрт және жану оқиғасы болған кезде тез арада телефон арқылы «101», «112»-ге хабарласыңыз.





«Балдәурен» МДҰ

***«Өрт – қауіпсіздігі бәріміз
үшін өте маңызды»
(Ата-аналарға арналған кеңес)***

Өткізген: Сағынбаева М.Қ
Аубакирова Р.М

2024-2025 оқу жылы

Құрметті ата-аналар, өрт қаупі бар кезеңнің басталуына байланысты сіздің және балаларыңыздың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін мүмкіндігінше балалармен төтенше жағдайларда өзін қалай ұстау туралы жиі сөйлесіп, өрт және басқа тұтанғыш заттармен ойнаудың ықтимал салдары мен қаупін түсіндіріңіздер.

Қайғылы жағдайды болдырмау үшін балалардың қолдарына сіріңке ұстамауын қатаң түрде қадағалау қажет. Егер балалардың өздігінен от жағып, сіріңкемен және оттықпен, тұтанғыш сұйықтықтармен ойнап жатқанын көрсеңіз, бей-жай қалмаңыз, тоқтатыңыз!

Балаларға жаман үлгі көрсетпеңіз: олардың көзінше темекі тартпаңыз, қараңғы бөлмелерді жарықтандыру үшін қағаз жақпаңыз. Сіріңкені балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз. Есіңізде болсын – немқұрайлылық таныту үлкен қауіп-қатерге әкелуі мүмкін.

Қараусыз қалғанда балалар үлкендерге еліктеп, өздерін еркін ұстайды сезінеді, электр құрылғыларын қосады, электр сымын жөндейді, тіпті от жағуы мүмкін (кейде пәтерде). Оның соңы қайғылы аяқталуы мүмкін, тәжірибе көрсетіп отырғандай, балаларға өрт қауіпсіздігі ережелері туралы үнемі еске салып отыру қажет. Бұл талаптарды орындау әдетке айналғаны жөн. Өрт қауіпсіздігі ережелерін балалардың санасына кішкентай кезінен бастап сіңіру керек!

